

Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына "килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 462 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 31 мамырда № 5522 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 770 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 28.04.2017 № 770 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11223 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары бекітілсін.

2. "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 938 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4992 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылы 4 маусымда жарияланған) күші жойылсын деп танылсын

3. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидия нормалары

№	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
Отандық өндіріс тыңайтқыштары				
1	Аммофос (N-10%, P ₂ O ₅ -46%)	тонна	50	62 500
2	Суперфосфат (P ₂ O ₅ -19 %)	тонна	50	32 500
3	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	50	34 000
4	Хлорлы калий (K ₂ O-42%; KCL-65%)	тонна	50	105 000
5	Күкіртқышқылды калий (калий сульфаты – K ₂ O-50%)	тонна	50	140 000
6	"Супрефос-NS" азот-құрамды супрефос (N-12%, P ₂ O ₅ -24%)+(Ca,Mg,SO ₃)	тонна	50	64 000
7	Yara Liva Calcinit (кальций нитраты)	тонна	50	140 000
8	Kristalon Cucumber 14-11-31	тонна	50	416 500
9	Kristalon Special 18-18-18	тонна	50	355 500
10	Kristalon Red 12-12-36	тонна	50	384 500
11	Kristalon Yellow 13-40-13	тонна	50	398 000
12	"МЭРС" микробиотыңайтқыш" құрамында микроэлементтері бар коректендіретін ерітінділер	литр	50	5 000
13	Шиелісай кен орнының фосфоритті концентраты мен ұны (P ₂ O ₅ -17%)	тонна	50	12 385
14	Байытылған суперфосфат (P ₂ O ₅ -21,5%)	тонна	50	17 000
15	Жай суперфосфат (P-15%; K ₂ O-2%)	тонна	50	21 281
Шетелдік өндіріс тыңайтқыштары				
16	Карбамид	тонна	30	30 900
17	Аммоний сульфаты кристалды	тонна	30	14 400
18	15:15:15 маркалы азот-фосфор-калийлі тыңайтқыш	тонна	30	54 000
19	НРК 16:16:16 маркалы нитроаммофоска	тонна	30	54 000
20	Сұйық азотты тыңайтқыштар (КАС) N-27-33%	тонна	30	25 500

21	Изагри-М, Форс Рост маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	525
22	Изагри-К, Форс питание маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	525
23	Изагри-К, Вита маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	540
24	Изагри-К, Бор маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	412,5
25	Изагри-К, Мыс маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	435
26	Изагри-К, Мырыш маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	322,5
27	Изагри-К, Фосфор маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	292,5
28	Изагри-К, Азот маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	292,5
29	Изагри-К, Калий маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	262,5

Қысқартылған сөздердің толық жазылуы:

N - азот;

P - фосфор;

Ca - кальций;

K₂O - калий тотығы;

Mg - магний;

P₂O₅ - фосфор тотығы;

SO₃ - күкірт тотығы;

K – калий.